

И.Т. Шакирбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: indira.81-81@mail.ru)

Барымта және дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-құқықтық қарым-қатынастарды реттеуде маңызды орын алған барымта институтын зерттеуде оны өзара ру-тайпалық қақтығыстар көзі, тонаушылық сипаттағы әрекеттер ретінде бағалау басым. Отарлық биліктің қысымы қазақ қоғамының ішкі қоғамдық тәртібі мен өзін-өзі реттеу тетіктерін бұзып, барымтаның табиғаты мен қызметін өзгертті. Сондықтан мақалада барымтаны моральдық және әдептік, құқықтық норма ретінде айқындай отырып, оның қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуындағы орны жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастырылған. Мәселеге қатысты зерттеулер тобын тарихнамалық тұрғыдан талдау арқылы барымта институтының негізгі мәні мен оның трансформациясының себеп-салдарлары анықталған. Мақалада барымтаның бастапқы кезеңдегі әлеуметтік бақылау мен қоғамдағы шиеленістерді шешу жолы ретіндегі қызметіне баса назар аударылған. Оның сыртқы қысымдар мен дәстүрлі әлеуметтік құрылымдардың ыдырауы әсерінен барынша бейберекет жүзеге асырылатын және қылмыстық сипаттағы әрекет ретінде көрініс беруіне дейінгі эволюциясын талдай отырып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастар мен оларды реттеу тетіктерінің ерекшеліктері тұжырымдалған.

Кілт сөздер: барымта, қазақ әдет-ғұрпы, дәстүрлі қазақ қоғамының заң жинақтары, Жеті Жарғы, отарлау саясат, әлеуметтік институттар, әлеуметтік ұйымдасу, руаралық қатынастар, құқық нормалары, көшпелі қоғам.

Kipicne

Барымта (маған тиесілі; менікі) — қазақ әдет-ғұрып құқығының құқық жүйесіндегі әмбебап институттардың маңызды ұғымдарының бірі. Ш. Уәлиханов барымтаны көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтар арасында ертеден қалыптасқан құқықтық институт ретінде сипаттаған [1; 96-97]. Кейбір зерттеушілер барымтаны қазақтың ру-тайпалық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде және отаршылдық кезеңіндегі көшпелі институттардың эволюциясы тұрғысынан қарастырған. Алайда, барымтаның руаралық қақтығыстарды шешудегі рөлі мен оның әлеуметтік және құқықтық маңызы әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмады.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі, дәстүрлі қоғамдық қатынастардың түбегейлі өзгеруіне алып келді. Әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, және әкімшілік-басқару жүйесінде үлкен өзгерістер орын алды. Ресей империясының жаңа құқықтық жүйесінде барымта қылмыстық әрекет ретінде қарала бастады. Кеңестік тарихнамада «өзара феодалдық қақтығыстар, малды күшпен тартып алудың тоқтауы» патшалық Ресейге «өз еркімен қосылу» үдерісінің прогрессивті сипаты ретінде сипатталды [2; 88]. Алайда, барымтаның бастапқы мәні дәстүрлі қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесінде рудың намысын, мүлікті қорғау, әділеттіліктің нышаны болғандығы анық. Барымта институты көшпелі қоғамда тәртіпті және жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды сақтау тетігі ретінде әрекет етті. Бұл ережелер бұзылған жағдайда, жанжалды шешу және кінәлі адамды жазалау руға жүктелді. Барымтаға қатысты ұжымдық (рулық — авт.) жауапкершілік қоғамда тұрақтылық пен келісімнің сақталуына ықпал етті.

Ресейге қосылғаннан кейінгі кезеңдегі құқықтық нормалардың жаңа жүйесінде дәстүрлі барымта институтына қылмыстық сипат берілгенімен, көшпелі құндылықтар жүйесінде бұл институт әділеттілікті қалпына келтіру, белгілі міндеттемелер мен шешімдерді орындату кепілі, ру намысын қорғаудың, оның қуатын білдірудің тәсілі ретінде сақталды. Сонымен қатар, барымта дәстүрлі түрде мүлікті қорғаудың құралы болды. Бірте-бірте көшпелі қазақ қоғамының дәстүрлі рулық-иерархиялық жүйесі империялық жүйеге бейімделіп, интеграцияланды және XX ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейін сақталды [3; 14].

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: indira.81-81@mail.ru

Бұл зерттеу қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесіндегі барымтаның маңызды аспектілерін ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, барымтаның әлеуметтік және құқықтық маңызын қайта қарастыруға және оның отаршылдық кезеңдегі өзгерістерін талдауға негізделген. Қазақ қоғамының құқықтық жүйесіндегі барымтаның тарихи және құқықтық мәнін айқындауға ықпал етеді. Барымта институтының мәнін дұрыс түсіну қоғамның әлеуметтік құрылымын, құқықтық тәртіпті сақтау және әділеттілікті қамтамасыз ету мәселелерін талдауда маңызды.

Осылайша, зерттеуде қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық жүйесінде маңызды орын алған барымта институты қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің материалдары және әдістері

Барымта институты бойынша тарихнамалық дереккөздер қоры әр кезеңдегі түрлі ғылыми құжаттар мен тарихи еңбектерден тұрады. Барымта институтын талдау үшін XVIII-XX ғасырлардағы зерттеушілер жазған тарихи еңбектерді қарастырамыз.

XIX ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап Ш. Уәлиханов [1], Л.Ф. Баллюзек [4], Н.И. Гродеков [5], А. Шмаков [6], И. Ибрагимов [7], П.Е. Маковецкий [8], С.Б. Броневский [9], В. Попов [10] және т.б. зерттеушілер қазақ халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрлі құқығының нормаларын жазып алу бойынша белсенді жұмыстар жүргізді. Әсіресе, 1865-1877 жылдары Торғай облысының губернаторы қызметін атқарған Л.Ф. Баллюзектің еңбектері барымта институтын зерттеуде ерекше маңызға ие. Ол алғашқылардың бірі болып барымтаның көшпелілердің дәстүрлі институты ретіндегі ерекшеліктерін қарастырып қана қоймай, сонымен бірге қазақ билері мен жауласушы рулардың ақсақалдары арасындағы дәстүрлі кеңестерді реттеу мәселелеріне де назар аударды [4; 124-127].

Бұл еңбектер қазақ халқының дәстүрлі құқық мәдениеті мен тарихын ғана емес, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастар және олардың ерекшеліктерін зерттеуде де маңызды. Сондықтан мақалада қазақ халқының дәстүрлі құқығы мен қазақ-орыс қатынастары бойынша жарық көрген жинақтар да маңызды зерттеу материалдары ретінде пайдаланылды [11-13]. Осылайша барымтаға байланысты дереккөздердің көпшілігін қазақтардың әдет-ғұрып құқығынан алынған материалдар құрайды. Дереккөздердің бұл түрі қазақ көшпелі қоғамының барымта сияқты дәстүрлі институтының негізгі сипаттамаларын зерттеп, оның XVIII-XIX ғасырлардағы эволюциясы туралы мәліметтерді сараптауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақ рулары арасындағы қатынастарды реттеуге мүмкіндік берген әдет-ғұрып құқығының ережелерін анықтауда да маңызды.

Зерттеудің әдіснамасы ретінде тарихи-салыстырмалы және ретроспективалық әдістер қолданылды. Барымта ұғымын қазақ тарихындағы дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық нормасы ретінде қарастыра отырып, оның түпкі мағынасының патшалық Ресей кезеңінде өзгеруі, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеудің маңызды тетігі ретіндегі рөлі, оның рухани-моральдік негіздері талданды. Сонымен қатар, зерттеуде тарихи талдау, саралау, деректанулық сыни әдістері де қолданылды.

Талқылау және нәтижелері

Қазақтардағы рулық-иерархиялық институттар мен барымта мәселелері — бұл тек әлеуметтік құрылым емес, сонымен бірге құқықтық және мәдени дәстүрлердің бір бөлігі. Әдет-ғұрып құқығы қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінің өзегі. Әдет немесе дәстүрлі құқық жүйесінің мәдени контексті халқымыздың құқықтық менталитетін түсінуге және барымтаның әлеуметтік мәнін анықтауға көмектеседі. Барымтаны тек қана қылмыс ретінде қарастыруға болмайды. Оның негізінде әлеуметтік келісімдер, дәстүрлі құқық нормалары мен шаралар жатыр. Сондай-ақ, Ресей империясының заңдық реформалары дәстүрлі құқықты шектеп, қазақ қоғамындағы дәстүрлі қарым-қатынастар жүйесіне терең әсер еткенін көреміз.

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының дәстүрлі құқығын зерттеушілер ішінде біздің тақырыбымыз үшін С.Л. Фукс зерттеулерінің маңызы жоғары [14]. Бұл зерттеуде көшпелі қоғамның барымта сияқты дәстүрлі институты, оны халықтық әдет-ғұрып бойынша реттеу тетіктері талданды. Барымтаны құқықтық институт ретінде зерттеген ғалым оны қазақ қоғамының таптық жіктелуінен туындаған құбылыс деп сипаттады [14; 128]. Әрине, кеңестік кезеңде үстем болған маркстік формация теориясы мен таптық күрес тезисіне сәйкес, Дала өркениетіндегі руаралық қақтығыстар қазақ тектілерінің арасындағы феодалдық тартыс ретінде түсіндірілді. Қазақ тарихын зерттеуші М.П. Вяткин барымтаны рулық жүйеден қалған дәстүрлі институт ретінде мойындағанымен, XVIII ғасырда оның бастапқы сипатын жоғалтып, олжалы болу мақсатында ауылдарды тонауға бағытталған

құралға айналғанын атап көрсетеді [15; 212-213]. Қазақтың әдет-ғұрып құқығын зерттеген Т.М. Култелеев барымтаны феодалдық элитаның қақтығыс барысында тонау үшін қолданған әрекеті ретінде қарастырады [16].

XX ғасырдың аяғындағы қоғамның дамуында орын алған өзгерістер қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының өзгеріске ұшырауына алып келді. Бұл өзгеріс теориялық-методологиялық мәселемен тығыз байланысты еді. Осы орайда дәсүрлі қазақ қоғамындағы барымтаның құқықтық, әлеуметтік қарым-қатынастардағы орны туралы тұжырымдар өзгере бастады. Мәселен, дәстүрлі құқық жүйесіндегі барымта туралы С. Дәулетованың тұжырымдары [17] көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениеттің теориялық мәселелеріне қатысты тың ұстанымдар шеңберінде қайта қарала бастады [18] және олар соңғы ғылыми зерттеулерде тұжырымдалды [19].

Ал, барымта институтының қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардағы орны, маңызы туралы тарихи-этнографиялық сипаттағы зерттеулер қатарында А. Тоқтабайдың еңбектерін атап өтуге болады [20], [21]. А. Тоқтабай қазақ-қырғыз қоғамындағы барымта мен түрікмендердің аламанын салыстырмалы зерттеп, тонау мен шауып алу барымтаның басты мақсаты болмағандығын анықтайды [21; 326]. Америкалық зерттеуші В. Мартиннің зерттеулерінде XIX ғасырдағы отаршылдық жағдайындағы даладағы заң мен дәстүрлі құқықтық жүйе мәселелерін зерттей келе, барымта мәселесіне де арнайы тоқталған. Автор барымта арқылы дәстүрлі құқық мәдениеті мен империялық құқықтық дәстүрдің қайшылықтарын талдайды [22-23]. Аталған автордың монографиялық зерттеуінде («Law and Custom in the steppe. The Kazakhs of the Middle horde and Russian colonialism in the nineteen century») барымта институты терең талданған және оған арнайы тарау арналған. Зерттеуші барымтаны тек реттеуші институт немесе отаршылдыққа қарсы тұру құралы ретінде ғана қарастырмай, сонымен бірге оның құқықтық және мәдени мәні туралы да тұжырымдар ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, барымта қазақ қоғамында Ресей заңнамаларына қарамастан әдет-ғұрыптық дәстүр ретінде сақталып, негізінен рулық қарым-қатынастардағы шиеленістердің салдарынан жүзеге асырылғанын жеткізеді. Ол барымтаның саяси заңсыз әрекеттерге емес, керісінше, қоғам ішіндегі әлеуметтік және құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталғанын атап көрсетеді [22; 180]. В. Мартин өзінің келесі зерттеулерінде де барымта дәстүріне тереңірек үңіле отырып, бұл институттың отарлау кезеңінде заңды баламалары болмаған жағдайда немесе арнамысты қорғаудың басқа жолы табылмаған кезде маңызды функция атқарғанын айқындайды [23; 381].

Барымта қазақ қоғамындағы рулық-иерархиялық қатынастардың құрамдас бөлігі ретінде Кеңес өкіметі тудырған өзгерістер жағдайында да сақталды. Ж. Джампеисова бұл отбасылық-иерархиялық құрылымдардың ішінде көшпелі шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруінен туындаған оппозициялық сегменттер болғанын айтады. Бұл дәстүрлі жүйелердің тұрақты емес екенін көрсетеді. Олар өз ішінде қайшылықтар мен қақтығыстар тудырып, қоғамның дамуы мен өзгеруіне байланысты туындаған жаңа сынақтарға бейімделді. Нәтижесінде барымта қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге экономикалық және саяси салалардағы өзгерістердің көрсеткішіне, сонымен қатар қоғамдағы шиеленістің көзіне айналды [24].

Барымта туралы маңызды дереккөздердің біріне Ресей патшалығының Сыртқы істер министрлігіне (1859 жылдан — Ішкі істер министрлігі), Орынбор әскери губернаторына және Батыс Сібір генерал-губернаторына жіберілген Орынбор шекара комиссиясы мен Сібір қырғыздары өлкелік басқармасының жылдық есептері жатады. Бұл есептер бір жыл ішінде қазақ даласында және шекаралық аумақта болған барлық маңызды оқиғалар туралы барынша жан-жақты мәліметтерді қамтыды және қылмыстық құқық бұзушылықтардың (барымта, тонау, шабуыл) статистикасын берді. Сонымен қатар, есептерде шекаралық және руаралық қақтығыстарды шешуге қатысқан қазақтарды марапаттау туралы ақпарат та жазылады [25; 17-18].

Барымта (XIX ғасырдың орыс деректерінде — баранта) — қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамында әдет-ғұрып құқығының нормасы ретінде қоғамдық қатынастарды реттеудің маңызды тетігі. Ру немесе отбасы мүшесін өлтіру, тонау және басқа қылмыстарға қатысты туындаған шығынды қалпына келтіру бойынша шешімдер орындалмаған жағдайда малды күштеп ұрлау әрекеті орындалды. Қазақ әдет-ғұрпы бойынша жасалған қылмыс үшін жазаның екі негізгі түрі болғандығын (құн — «қан құны», яғни кісі өлтіру немесе дене жарақаты үшін төлем және айып — материалдық және моральдық зиян келтіргені үшін берілетін жаза түрі — авт.) айта кету керек [4; 60-64]. Дәстүрлі қазақ қоғамында сот шешімдерін орындайтын арнайы органдар болмағандықтан, кінәлі тарап құн немесе айып төлеуден бас тартса, екінші тарап барымтаға құқылы болды [4; 21, 124]. Осылайша барымта

институты қазақ қоғамындағы құқықтық және әлеуметтік қатынастарды реттеудің маңызды құралына айналды. Бұл институт ұжымдық жауапкершілік қағидатына негізделіп, жеке тұлғалардың теріс әрекеттері үшін бүкіл рудың жауапкершілігін қамтамасыз етті. Осы ұстаным рулар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, ішкі тұрақтылықты сақтау құралы ретінде қызмет етті. Сонымен қатар, барымта, әдетте, ірі руаралық қақтығыстарға ұласпаған. Ірі жанжалдар шиеленіскен жағдайда, оларды шешуге тікелей хан араласты [26; 54].

Барымта түрлі құқықтық және әлеуметтік функцияларды атқарды. Ол жәбірленушінің құқығын қорғауда, сондай-ақ оған келтірілген зиянды өтеудің тәсілі ретінде қолданғаны белгілі. Қарызды өндіріп алу және айыпкерді әділеттілікке тарту жолындағы соттан тыс шара ретінде де маңызға ие болды. Егер билер сотының әділдігіне күмән туындаса немесе билер шешім қабылдаудан бас тартса, барымта әділеттілікті қамтамасыз етудің балама құралы ретінде қолданылды. Бұдан бөлек, жауаптыны сот ісіне қатысуға мәжбүрлеу, сондай-ақ сот үкімін орындауды қамтамасыз ету мақсатында барымтаның рөлі зор болды. Сот шешімін орындаудан бас тарту немесе оны кешіктіру жағдайларында да барымта айыпкерге қысым көрсету құралы ретінде пайдаланылды. Сонымен бірге, барымта қылмыстық әрекеттер сот талқылауының нысанына айналғанға дейін қолданылған жаза түрі болып, өзара қастандықты тоқтатып, одан әрі кек алу әрекеттерінің алдын алу шарасы ретінде ерекше маңызды еді [27; 136].

М. Тевкелевтің 1748 жылы Кіші жүз руларының сипаттамасы мен олардың көші-қоны туралы жазбасында барымта жайлы «... ежели кто кого обидел, а добровольно разделаться не хочет, тогда за обидимаго ево род весь вступится и станут брать баранту. А ежели кто обижен и ево род смелея и больше баранту берут, от того, кто обидел, и тою силою привлекают скорее к прекращению ту ссору, и потом тот, кто обидел, принужден будет со всем своим родом искать третейскаго суда» [13; 406], — дейді.

Тарихи даму барысында қоғамдағы тыныштық пен келісімді сақтауға байланысты құқық құралдары да өзгерістерге ұшырады. Мысалы «Жеті Жарғы» бойынша кісі өлімі үшін құн төлеу нормасын енгізу бұл көпжылдық ұрпақаралық соғысқа және көшпенділердің бір-бірін жойып жіберуіне әкелуі мүмкін қанды кек алуды азайту, оны жою мақсатында қабылданды. Қанды кек алудан құн төлеуге ауысу оңай болған жоқ. Себебі қазақтардың адам өлімі үшін төлемді малмен алмастыруға көнуі оңайға түспеді. Бірақ билер қанды кек алуды құн төлеу мен барымта дәстүрі арқылы тоқтатуға ұмтылды [28; 318-323].

Барымта айыппұл төленбеген жағдайда билердің, ақсақалдардың рұқсатымен жүзеге асырылды. Айыппұлдың ең көп таралған түрі — «тоғыз» деп аталатын, тоғыз санына еселенген айыппұл. Айыппұлдың мөлшері Қазақстанның өңірлерінде түрлі көлемде анықталып, билер сотында бекітілді. Қазақтың дәстүрлі құқық нормалары бойынша тоғыз санымен өлшенетін «айып-тоғыз» деп аталатын жаза жиі қолданылған. Қылмыстың сипатына және жәбірленушінің және қылмыскердің әлеуметтік жағдайына қарай салынатын айыппұлдар төмендегідей тағайындалған:

- Бас тоғыз (Үлкен тоғыз): сегіз бас түйе мен сегіз басқа да мал түрлерінен төленетін;
- Орта тоғыз (Орта тоғыз): Ең аз дегенде бір жылқымен төленетін;
- Аяқ тоғыз (Кіші тоғыз): Ең аз дегенде бір өгізбен төленетін;
- Тоқал тоғыз (тоғыз шектелген): Тек ұсақ малмен төленетін;

– Айып тоғыз (Ат-шапан) жылқы және шапанмен төленетін жазалар. Егер қылмыскер көрсетілген айыппұлды төлей алмаса, оның жақын туыстары төлеуге міндеттелді.

Қылмыскердің жақын туыстары қажетті айыппұлды төлей алмаса, ол айыпталушының бар мал-мүлкін жәбірленушіге беруге шешім шығарылды [29; 60].

Айыппұлмен қатар құн жазасы да дәстүрлі қазақ заңдар жүйесінде орын алған болатын. Құн төлеу — адам өлімі мен ауыр дене жарақаты орын алғанда қолданылған негізгі жазалардың бірі. Құнның мөлшері жәбірленушінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына және жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты тағайындалды. Бір құнның баламасы мың қой, екі жүз жылқы немесе жүз түйе болды. Толық мүгедектікке әкеп соқтырған ауыр дене жарақаты толық құнмен, көзге немесе тілге зақым келтірілгенде жарты құн, оң қол немесе аяқ үшін құнның төрттен бір бөлігі, сол қол немесе аяқ зақымданғаны үшін құнның сегізден бір бөлігін төлеу айқындалған. Құнды қылмыскердің өзі төлей алмаған жағдайда, ру төлеуге міндетті болды. Егер де қылмыскердің туыстары құнды төлеуге дәрменсіз болса, айыпталушыға жаза тағайындау жәбірленушіге немесе оның туыстарына тапсырылды. Мұндай жағдай орын алса, қылмыскерді өлім жазасына да кескен [30; 61].

Барымтаны құқық институты ретінде жүзеге асыру белгілі бір тәртіптерді сақтауды талап етті. Деректерде барымта «тек билердің немесе ақсақалдардың үкімі бойынша» және «туыстарымен немесе жақын көршілерімен» бірлесіп жүзеге асырылатындығына баса назар аударылған [13].

Сонымен қатар, барымтаның алдын ала хабарлау арқылы да жүзеге асатын түрі болды. Ол негізінен жәбірленушілердің билер сотының шешіміне разы болмаған немесе кінәлі жақтың билер сотының шешімін орындамаған жағдайларда жүзеге асты. Барымталауда екі жақ та адам өміріне аса сақтықпен қарап «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» ұстанымы басты қағидаға айналды [21; 325-326].

Ш. Уәлиханов өз жазбаларында түнгі уақытта, алдын ала ескертусіз жасалған барымтаны үш күн ішінде өз қарсыластарына себебімен бірге хабарлауға міндетті болғандарын атап өтеді [1; 97].

Көптеген авторлар егер кінәлі тарап дауды бейбіт жолмен шеше алмаса немесе қаламаса, барымта соңғы шара болғанына тоқталған. Л. Баллюзек жазбаларында «побывав везде, у всех, кто может иметь малейшее влияние на вора и, видя у одних нежелание содействовать, а у других действительную невозможность помочь, использует барымту. Испробовав все попытки договориться мирным путем, обратившись во всем, кто может выступить посредником (бий, ақсақалы, султаны), потерпевший имеет полное право барымтовать» деп жазылған [4; 124].

Көріп отырғанымыздай, барымтаның жүзеге асуы ұжымдық (рулық) жауапкершілік принципіне негізделіп, барымта салдары бүкіл руға әсер етті. Көшпелі қоғамның әрбір мүшесі өзінің жеке табысы мен әл-ауқаты туралы емес, жалпы рудың мүддесін де қорғауға міндетті болды. Бұл жағдай «Әкеңнің ұлы болма, халқыңның ұлы бол» деген мақалда көрініс тапқан. Көшпенділер арасында туыстарының әрекетіне отбасы, кеңірек айтқанда, ру жауапты болған. «Қай рудан шыққан қылмыскер?» деген сұрақ жазалау үшін жеткілікті болды. Ру ішінде бұл жағдай ішінара реттеліп, жәбірленуші мен қылмыскерді өздері анықтаған [4; 125]. Осылайша, барымта — бұл көшпелі өмір салты жағдайында заңдарды сақтаудың және әділеттілікке қол жеткізудің тиімді құралы болғанын көреміз.

Қазақстан аумағын отарлау кезеңінде және әдеттегі құқық нормаларын қысқарту үдерісінде барымтаның бастапқы қызметі өзгеріске ұшырап, түпкі мәні түбегейлі бұрмаланды. Бірте-бірте барымта патшалық отаршылдық саясатының құралдарының біріне айнала бастады. Мәселен, деректерде «әскери ізденістер», «шекаралық барымта» деген атаумен белгілі болған іс-әрекеттер патша үкіметінің қазақ даласындағы қарулы зорлық-зомбылығын заңдастыруға бағытталды, сонымен бірге қазақ халқын тонау үшін қолданды. Барымтаны 1749, 1760, 1776, 1779, 1783 жылдары Ресей патшалығының сыртқы істер алқасының жарлықтары бойынша «шекарадағы тыныштықты сақтау үшін» жүргізілген қарулы рейдтердің түрі, «ұрлықпен» және қазақтар тарапынан болуы мүмкін басқа да «дөрекіліктермен» күресудің басты құралы ретінде пайдаланды [4; 13-21]. Осылайша «барымта» ұғымын ауыстыру және бұрмалау басталады. XVIII ғасырдағы патша үкіметі қазақтарды тонау және оларға қарсы жазалаушы экспедицияларды кеңінен қолдану мақсатында, «жауапты барымта» әрекеті деп шығарылды. Осылайша, отарлаушылардың күшімен барымта заң шеңберінен шығып, кез келген тонау әрекеттеріне жол ашты. Ш. Уәлиханов сипаттаған қазақ қоғамындағы барымта түсінігі мен ұрлық, тонау әрекеттері де бірге қарастырылып, жалпы «барымта» деп атала бастады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, дәстүрлі қазақ қоғамындағы барымта институты көшпелі қоғамның әлеуметтік-құқықтық қарым-қатынастарын реттеуші маңызды механизм ретінде пайда болып, қызмет атқарған. Бірақ, отарлау саясатының нәтижесінде орын алған қоғамдық қарым-қатынастардағы өзгерістер нәтижесінде оның бастапқы мәні өзгеріске ұшырады. Кеңес билігі орнағанға дейін басылып шыққан бірқатар еңбектерде барымта әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеудің тәсілі ретінде қарастырылып, оған объективті баға берген. Дегенмен, оның мәні кеңестік тарихнаманың өзегіне айналған таптық-патриархалдық қатынастар аясында толық бұрмаланып сипатталды. Кеңестік зерттеулерде барымта өзінің бастапқы құқықтық және моральдық мәнін жоғалтып, малды бей-берекет айдап әкету, өзара тонаушылық пен қарақшылық әрекет ретінде түсіндірілді. Мұндай көзқарастар арқылы барымта «репресаль» ретінде (бір мемлекеттің басқа мемлекеттің заңсыз әрекеттеріне жауап ретінде қолданатын саяси және экономикалық сипаттағы заңды мәжбүрлеу шаралары — авт.) көрсетіліп, патша билігі оны қазақ халқына қарсы отаршылдық тонау мен зорлық-зомбылық саясатын заңдастыру үшін қолданды.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерде барымта институтына қатысты әртүрлі түсініктер мен көзқарастар қалыптасқан. Алайда, қолда бар деректер мен тұжырымдар негізінде барымтаны, ең

алдымен, әділеттілікке қол жеткізу әрекеті, кінәліні жазалау құралы ретінде сипаттауға болады. Сондай-ақ оның мәнін моральдық, әдептік және құқықтық норма ретінде де түсінуге толық негіз бар. Барымта институтының трансформациялануы және оның бастапқы қызметі мен мәнінің өзгеру себептері қазақ қоғамының отаршылдыққа ұшырауының тікелей салдары ретінде қарастырылуы тиіс. Отарлау саясаты қазақ қоғамының әлеуметтік институттарының бастапқы маңызының жойылуына алып келді. Нәтижесінде, дәстүрлі институттар өздерінің құқықтық және мәдени-рухани қызметін атқара алмай, отарлық жүйеге бейімделген немесе оны қолдаған құралға айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, барымта институтының тағдыры тек құқықтық норманың ғана емес, отаршылдық кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы мен өзін-өзі реттеу механизмдерінің бұзылуының да мысалы. Отаршылдықтың әсерінен дәстүрлі институттардың құлдырауы, оның ішінде барымта институтының бастапқы мәнін жоғалтуы, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік кеңістігіндегі терең өзгерістердің орын алғандығын дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений [в 5-ти т.] / Ч.Ч. Валиханов. — Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. — Т. 4. — 463 с.
- 2 Абдилдабекова А.М. Россия и Казахстан (XVII — начало XX века): вопросы историографии: учебное пособие / А.М. Абдилдабекова. — Алматы: Қазақ университеті, 2007. — 136 с.
- 3 Абдурахимова Н.А. Колониальная система власти в Туркестане: автореф. дис. на соискание уч. степени д-ра ист. наук / Н.А. Абдурахимова. — Ташкент, 1994. — 46 с.
- 4 Балюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона / Л. Балюзек // Записи Оренбургского отд. ИРГО. — Казань: Университетская типография, 1871. — Вып. II. — 134 с.
- 5 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области / Н.И. Гродеков. — Ташкент, 1889. — Т.1. — 398 с.
- 6 Шмаков А. Коневодство в киргизской степи и значение его для России / А. Шмаков // Коннозаводство. — 1872. — № 10.
- 7 Ибрагимов И. Заметки о киргизском суде / И. Ибрагимов // Из записок Императорского Русского Географического Общества по отделу этнографии. Т. VIII. — СПб., 1878. — 27 с.
- 8 Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов / П.Е. Маковецкий // В кн.: Материалы по казахскому обычному праву. — Алматы, 1998. — С. 320–418.
- 9 Броневский С.Б. Орта жүз қазақтары туралы = О казахах Средней Орды / О.Б. Броневский; отв. ред. Ж.О. Артыкбаев. — Астана: Алтын кітап, 2007. — 165 с.
- 10 Попов В. О барымте / В. Попов // ОПОУАК. 1914-1915 гг. — Оренбург, 1917. — 140 с.
- 11 Материалы по казахскому обычному праву / сост. Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Б. Г. Шакаев. — Алма-Ата: АН КазССР, 1948. — 347 с.
- 12 Материалы по казахскому обычному праву / сост. З.Ж. Кенжалиев и др. — Алматы, 1996. — 208 с.
- 13 Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сборник документов и материалов. — Алма-Ата: АН КазССР, 1961. — 744 с.
- 14 Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII — первой половине XIX века / С.Л. Фукс. — Алма-Ата, 1981. — 224 с.
- 15 Вяткин М.П. Батыр Срым / Вяткин М.П. — Алматы: Санат, 1998. — 344 с.
- 16 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов / Т.М. Культелеев. — Алма-Ата, 1955. — 302 с.
- 17 Даулетова С. Барымта и ее ликвидация в первые годы Советской власти в Казахстане / С. Даулетова // Проблемы казахского обычного права. — Алма-Ата: 1989. — С. 85–92.
- 18 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы / З.Ж. Кенжалиев. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 192 б.
- 19 Усеинова К.Р. Институт барымты и его место в обычно-правовой системе казахов: дис... канд. юр. наук / К.Р. Усеинова. — Алматы, 2007. — 112 с.
- 20 Токтабай А. Барымта — батырлық мектебі / А. Токтабай // Отан тарихы. — 2007. — № 3. — Б.186–194.
- 21 Токтабай А. Конный мир казахов / А. Токтабай. — Алматы: Алматы кітап баспасы, 2022. — 496 с.
- 22 Мартин В. Закон и обычаи в Степи: казахи Среднего жуза и Российский колониализм в XIX веке / В. Мартин // В кн.: История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. — Т.12. — Алматы, 2009. — 264 с.
- 23 Мартин В. Барымта: Обычаи в глазах кочевников, преступление в глазах империи [Электронный ресурс] / В. Мартин. — Режим доступа: https://www.studmed.ru/view/leonteva-o-otv-red-rossiyskaya-imperiya-v-zarubezhnoy-istoriografii_e4c91dd82b3.html?page=19
- 24 Джампеисова Ж. Казахское общество и право в пореформенной степи / Ж. Джампеисова. — Астана, 2006. — 269 с.

- 25 Перфильев А.Л. Межродовые конфликты казахов и их урегулирование (80-е гг. XVIII в. — 60-е гг. XIX в.): автореф. дис. на соискание уч. степени канд. ист. наук / А.Л. Перфильев. — Томск, 2011. — 25 с.
- 26 Haydar E. Kazak Hanlığı Döneminde Geleneksel Hukuk Kurallarının Kazak Toplumunda Oynadığı Rol / E. Haydar., M. İssayeva // Uluslararası Türkoloji Araştırmaları Sempozyumu. — Van, 2019. — S. 56–63.
- 27 Александров П. Конократство среди киргизов / П. Александров // Туркестанские ведомости. — 1886. — № 10.
- 28 Кляшторный С.Г. Казахстан. Летопись трех тысячелетий / С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. — Алма-Ата, 1992. — 378 с.
- 29 Отепова Г.Е. Правовые основы колонизации Казахстана: учебное пособие / Г.Е. Отепова. — Павлодар: ПГПИ, 2012. — 229 с.
- 30 Любичанковский С.В. Аккультурационная модель понимания империи как методологическая альтернатива колониальному подходу [Электронный ресурс] / С.В. Любичанковский // Электронный научно-образовательный журнал «История». — 2019. — Т. 10. — Режим доступа: <https://history.jes.su/s207987840006065-0-1>
- 31 Любичанковский С.В. Приставства на окраинах Российской империи в XVIII — первой половине XIX в.: от административного лица к системе управления / С.В. Любичанковский, Г.Б. Избасарова // Российская история. — 2018. — № 2. — С. 13–21.

И.Т. Шакирбаева

Барымта и социальные отношения в традиционном казахском обществе

В исследовании института барымты, занимавшего важное место в регулировании социально-правовых отношений в казахском обществе, преобладает оценка его как источника межродовых и межплеменных конфликтов, а также как действия грабительского характера. Колониальная власть нарушила внутренний общественный порядок и механизмы саморегуляции казахского общества, изменив природу и функции барымты. В данной статье барымта рассматривается как моральная, этическая и правовая норма, определяя её место в социальной организации казахского общества с новых позиций. Историкографический анализ исследований, посвящённых данной проблеме, позволяет выявить сущность института барымты и причины его трансформации. В статье особое внимание уделяется её функциям на начальном этапе как регулируемой формы социального контроля и важного механизма разрешения конфликтов в обществе. Анализируется эволюция барымты — от упорядоченного механизма до проявления хаотичных и криминальных действий под влиянием внешнего давления и разрушения традиционных социальных структур. На основе этого авторы делают вывод об особенностях социальных отношений в казахском обществе и механизмах их регулирования.

Ключевые слова: барымта, казахские обычаи, своды законов традиционного казахского общества, «Жеті Жарғы», колониальная политика, социальные институты, социальная организация, межродовые отношения, правовые нормы, кочевое общество.

I.T. Shakirbayeva

Barymta and social relations in traditional kazakh society

The study of the institution of barymta (barymta is not merely the act of livestock raiding; its primary purpose was an objective pursuit of justice through the restoration of violated rights), which played a significant role in regulating socio-legal relations in Kazakh society, is largely dominated by its assessment as a source of inter-tribal and inter-clan conflicts, as well as an act of predatory nature. Colonial rule disrupted the internal social order and self-regulation mechanisms of Kazakh society, altering the nature and functions of barymta. This article reconsiders barymta from a new perspective — as a moral, ethical, and legal norm — defining its place in the social organization of Kazakh society. Through a historiographical analysis of research on this issue, the article identifies the essence of the barymta institution and the causes and consequences of its transformation. The article pays special attention to the function of barymta in its initial stage as a regulated form of social control and conflict resolution within society. It analyzes its evolution — from an orderly mechanism to chaotic and criminal practices under the influence of external pressures and the disintegration of traditional social structures. Based on this analysis, conclusions are drawn about the characteristics of social relations in Kazakh society and the mechanisms of their regulation.

Keywords: barymta, Kazakh customs, legal codes of traditional Kazakh society, “Jety Zhargy”, colonial policy, social institutions, social organization, inter-clan relations, legal norms, nomadic society.

References

- 1 Valikhanov, Sh. (1985). *Sobranie sochinenii v piati tomakh [Five-volume collection of works]* (Vol. 4). Almaty: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii [in Russian].
- 2 Abdildabekova, A.M. (2007). *Rossia i Kazakhstan (XVII — nachalo XX veka): voprosy istoriografii: uchebnoe posobie [Russia and Kazakhstan (17th — early 20th century): historiographic issues: Textbook]*. Almaty: Qazaq Universiteti [in Russian].
- 3 Abdurakhimova, N.A. (1994). *Kolonialnaia sistema vlasti v Turkestane [The colonial system of power in Turkestan]. Extended abstract of Doctor's thesis*. Tashkent [in Russian].
- 4 Ballyuzek, L.F. (1871). *Narodnye obychai, imevschie, a otchasti i nyne imeiushchie v Maloi kirgizskoi orde silu zakona [Customary practices in the Small Kyrgyz Horde with the force of law]. Zapisi Orenburgskogo otdeleniia Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva*, Issue 2, 134. Kazan: Universitetskaia tipografia [in Russian].
- 5 Grodekov N.I. (1889). *Kirgizy i kara-kirgizy Syr-Darinskoi oblasti [Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syr-Darya region]*. Tashkent [in Russian].
- 6 Shmakov, A. (1872). *Konevodstvo v kirgizskoi stepi i znaenie ego dlia Rossii [Horse breeding in the Kyrgyz steppe and its significance for Russia]. Konnozavodstvo — Horse breeding*, 10 [in Russian].
- 7 Ibragimov, I. (1878). *Zametki o kirgizskom sude [Notes on the Kyrgyz court]. Iz zapisok Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva po odelu etnografii, T. VIII — From the notes of the Imperial Russian Geographical Society on the Ethnography Department, Vol. VIII*. Saint Petersburg [in Russian].
- 8 Makovetskii P.E. (1886). *Materialy dlia izucheniia yuridicheskikh obychaev kirgizov [Materials for studying the legal customs of the Kyrgyz people]*. Omsk [in Russian].
- 9 Bronevskii S.B. (2007). *O kazakhakh Srednei Ordy. Orta zhuz qazaqtary turaly [About the Kazakhs of the Middle Horde]*. Z.O. Artykbaev (Chief Editor). Astana [in Russian].
- 10 Popov V. (1917). *O barymte [About barymta]. Orenburgskiy povstantskiy otryad Uralskoy armii kazakov. 1914-1915 gg. — The Orenburg Rebellious Detachment of the Ural Cossack Army. 1914-1915 gg.* Orenbúrg [in Russian].
- 11 Kulteleev, T.M., Masevich, M.G., & Shakaev, B.G. (Compilers). (1948). *Materialy po kazakhskomu obychnomu pravu [Proceedings on Kazakh customary law]*. Alma-Ata: Akademia Nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 12 Kenjaliev, Z.Zh., et al. (Compilers). (1996). *Materialy po kazakhskomu obychnomu pravu [Proceedings on Kazakh customary law]*. Almaty [in Russian].
- 13 (1961). *Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVI–XVIII vekakh. Sbornik dokumentov i materialov [Kazakh-Russian relations in the 16th–18th centuries. Collection of documents and materials]*. Alma-Ata: Akademia Nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 14 Fuks, S.L. (1981). *Obychnoe pravo kazakhov v XYII — pervoi polovine XIX veka [Kazakh customary law in the 18th — early 19th centuries]*. Alma-Ata [in Russian].
- 15 Viatkin, M.P. (1998). *Batyr Srym [Batyr Srym]*. Almaty: Sanat [in Russian].
- 16 Kulteleev, T.M. (1955). *Ugolovnoe obychnoe pravo kazakhov [Kazakh criminal customary law]*. Alma-Ata [in Russian].
- 17 Dauletova, S. (1989). *Barymta i ee likvidatsiia v pervye gody Sovetskoi vlasti v Kazakhstane [Barymta and its liquidation in the first years of Soviet power in Kazakhstan]. Problemy kazakhskogo obychnogo prava*. Alma-Ata [in Russian].
- 18 Kenzhaliev, Z.Zh. (1997). *Koshpeli qazaq qogamyndagy dasturlı quqyqtyq madeniet: teoriialyq maseleleri, tarikki tagylymy [Traditional legal culture in nomadic Kazakh society: theoretical issues, historical lessons]*. Almaty [in Kazakh].
- 19 Useinova, K.R. (2007). *Institut barymty i ego mesto v obychno-pravovoi sisteme kazakhov [The institution of Barymta and its place in the customary legal system of the Kazakhs]. Candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 20 Toqtabai, A. (2007). *Barymta — batyrlıq mektebi [Barimta is a school of heroism]. Otan tarıhy — History of the motherland*, 3, 186–194 [in Kazakh].
- 21 Toqtabai, A. (2022). *Konnyı mir kazakhov [Equestrian world of Kazakhs]*. Almaty [in Russian].
- 22 Martin, V. (2009). *Zakon i obychai v Stepı: kazakhi Srednego zhuza i Rossiiskii kolonializm v XIX veke [Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century]. Istoriia Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII–XX vv. — History of Kazakhstan in western sources of 12th — 20 th centuries*, 12, 264. Almaty [Russian].
- 23 Martin, V. (2005). *Barymta: Obychai v glazakh kochevnikov, prestuplenie v glazakh imperii [Barimta: A custom for nomads, a crime for the empire]. studmed.ru*. Retrieved from https://www.studmed.ru/view/leonteva-o-otv-red-rossiyskaya-imperiya-v-zarubezhnoy-istoriografii_e4c91dd82b3.html?page=19 [in Russian].
- 24 Dzhampeisova, Zh. (2006). *Kazakhskoe obshchestvo i pravo v poreformnoi stepi [Kazakh society and law in the post-reform steppe]*. Astana [in Russian].
- 25 Perfilev, A.L. (2011). *Mezhrodovye konflikty kazakhov i ikh uregulirovanie (80-e gg. XVIII v. — 60-e gg. XIX v.) [Inter-clan conflicts of Kazakhs and their resolution (1780s–1860s)]. Extended abstract of Candidate's thesis*. Tomsk [in Russian].
- 26 Haydar, E. & Issayeva, M. (2019). *Kazak Hanlıđı Döneminde Geleneksel Hukuk Kurallarının Kazak Topluluđunda Oynadıđı Rol [The role of traditional legal rules in Kazakh society during the Kazakh Khanate]. Uluslararası Türkoloji Arařtırmaları Sempozyumu — International Turkology Research Symposium* (pp. 56–63). Turkey [in Turkish].
- 27 Aleksandrov, P. (1886). *Konokratstvo sredi kirgizov [Horse theft among the Kyrgyz]. Turkestanskıe vedomosti — Turkestan News*, 10 [in Russian].

28 Kliashtornyi, S.G. & Sultanov, T.I. (1992). *Kazakhstan. Letopis trekh tysiacheletii* [Kazakhstan. Chronicle of three millennia]. Almaty [in Russian].

29 Отепова, G.E. (2012). *Pravovye osnovy kolonizatsii Kazakhstana: uchebnoe posobie* [Legal foundations of the colonization of Kazakhstan: textbook]. Pavlodar: Pavlodarskii Gosudarstvennyi Pedagogicheskii Institut [in Russian].

30 Liubichankovskii, S.V. (2019). Akkulturationsnaia model ponimaniia imperii kak metodologicheskaia alternativa kolonialnomu podkhodu [The acculturation model as a methodological alternative to the colonial approach]. *Elektronnyi nauchno-obrazovatelnyi zhurnal «Istoriia» — Electronic Scientific and Educational Journal “History”*, 10. Retrieved from <https://history.jes.su/s207987840006065-0-1/> [in Russian].

31 Liubichankovskii, S.V. & Izbasarova, G.B. (2018). Pristavstva na okrainakh Rossiiskoi imperii v XVIII — pervoi polovine XIX v.: ot administrativnogo litsa k sisteme upravleniia [Border posts of the Russian Empire in the 18th — early 19th centuries: From an administrative figure to a governance system]. *Rossiiskaia istoriia — Russian history*, 2, 13–21 [in Russian].

Автор туралы мәлімет

Шакирбаева Индира — PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>

Information about the author

Shakirbayeva Indira — PhD Student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>